

өзара әрекеттесуін жандандырып, білімді механикалық түрде емес, мағыналық деңгейде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Коммуникативті құзыреттілікті дамытудың табысты жүзеге асуы үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оқытудағы инновациялық технологияларды меңгеруі және әрбір оқушыға бағытталған тұлғалық-бағдарлы көзқарасы шешуші мәнге ие. Сонымен қатар, оқу процесінде жағымды психологиялық орта құру, оқушылардың сөйлеу еркіндігі мен шығармашылығына жағдай жасау да маңызды.

Қорыта келе, бастауыш сыныпта коммуникативті құзыреттілікті мақсатты түрде және жүйелі дамыту — заманауи білім беру талаптарына сай тұлға қалыптастырудың негізі. Бұл бағытта жүргізілетін педагогикалық жұмыс баланың болашақ әлеуметтік және кәсіби табысына берік іргетас болмақ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Раритет, 2004.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 1982.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006.
5. Ахметова А. Коммуникативтік құзыреттілік – білім беру мазмұнының негізі // Білім – Образование. – 2021.

ӘОЖ:373.3

#### Бастауыш сынып оқушыларына отбасы тәрбиесін сіңірудің тиімді әдістері

Альпилам Н., Шаяхметова М.Н.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтардың әлсіреуі, отбасы институтының өзгеруі, ақпараттық технологиялардың дамуымен қатар балалардың тәрбиесіне әсер ететін факторлардың күрделенуі – бастауыш сынып оқушыларына тәрбие беруді жаңа деңгейге шығаруды талап етеді. Отбасы – баланың алғашқы және ең маңызды тәрбие ортасы. Мұнда баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, адамгершілік қағидалары қалыптасады. Әсіресе бастауыш мектеп жасында бала сыртқы әлемді белсенді түрде танып-біледі, ата-анасының, мұғалімінің, айналасындағы үлкендердің мінез-құлқына еліктейді. Сондықтан бұл кезеңде отбасы тәрбиесін тиімді жолмен жеткізу – ұстаз бен ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қоғамның дамуында отбасының рөлі ерекше маңызды. Баланың алғашқы әлеуметтену ортасы – отбасы. Бұл ортада адамгершілік, рухани құндылықтар, әдеп, сыйластық сияқты негізгі қасиеттер қалыптасады. Әсіресе, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына бастауыш мектеп жасындағы кезең ерекше әсер етеді. Сол себепті де отбасы тәрбиесін мектепте жалғастыру, оны тиімді әдістер арқылы сіңіру – педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына отбасы тәрбиесін сіңірудің тиімді педагогикалық әдістері қарастырылады.

Отбасы – адам баласының ең алғаш тәлім-тәрбие алатын ордасы. Баланың дүниеге көзқарасы, алғашқы әдеп нормалары, қарым-қатынас мәдениеті, рухани құндылықтары отбасында қалыптасады. Қазақ халқының “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” деген мақалы осы тұжырымды дәлелдейді. Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде бала тәрбиесіне кері әсер ететін ақпараттық кеңістіктің артуы отбасы тәрбиесінің рөлін бұрынғыдан да күшейтуді талап етеді. Зерттеулер көрсеткендей, ата-анасының мейірімі мен бақылауын көріп өскен балада өзін-өзі бағалау, сенімділік, жауапкершілік сынды тұлғалық қасиеттер жоғары дамиды. Ал бұл қасиеттер бастауыш мектеп жасындағы баланың оқу үлгеріміне, тәртібіне, мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынасына тікелей әсер етеді. Бастауыш сынып – баланың танымдық, психологиялық және тұлғалық дамуының іргетасы қаланатын маңызды кезең. Бұл жаста балалар қоршаған ортаны қызығушылықпен танып, еліктеу арқылы үйренеді. Олар ата-анасының, мұғалімнің іс-әрекеттеріне қарап, дұрыс пен бұрысты ажырата бастайды. Сондықтан тәрбие процесінде үлгі боларлық тұлғалар мен жағымды орта маңызды рөл атқарады. Психологтар бұл жастағы балаларда өзін-өзі бақылау мен ерік-жігер толық

қалыптаспағанын, олардың эмоциясы мен қылықтары жиі сыртқы әсерге байланысты өзгеретінін айтады. Осы себепті, отбасы тарапынан тұрақты тәртіп, махаббат пен түсіністік, жағымды қарым-қатынас маңызды болып саналады.

Отбасы тәрбиесін сіңіру барысында мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы – басты шарттардың бірі. Төмендегі әдістер әсіресе бастауыш сынып оқушыларына тиімді болып табылады:

- **Әңгімелесу әдісі** – ата-аналар мен балалар арасында ашық пікір алмасу арқылы тәрбиелік мәні бар тақырыптарды талқылау.

- **Жағдаяттық ойындар** – өмірлік жағдайларға негізделген рөлдік ойындар арқылы дұрыс шешім қабылдауға үйрету.

- **Отбасылық жобалар** – ата-аналар мен балалардың бірлесіп шығармашылық жобалар орындауы (мысалы: «Менің отбасым» альбомын жасау).

- **Құндылықтар бойынша тәрбиелеу** – адалдық, сыйластық, еңбекқорлық сынды рухани-адамгершілік құндылықтарды үйде және мектепте ұштастыра отырып дамыту.

- **Психологиялық тренингтер** – ата-аналар үшін өткізілетін тренингтер арқылы отбасындағы тәрбиелік қарым-қатынасты жетілдіру.

Отбасы тәрбиесін тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі орасан зор. Мұғалім ата-аналармен үнемі байланыста болып, олардың тәрбие процесіне белсене қатысуына мүмкіндік жасауы қажет. Бұл бағытта келесі тәсілдер нәтижелі:

- Ата-аналар жиналыстарын мазмұнды және интерактивті өткізу;

- Ата-аналар клубын құру арқылы жүйелі тәрбиелік жұмыстар жүргізу;

- Мектеп пен отбасының біріккен іс-шараларын ұйымдастыру (саяхаттар, мерекелер, байқаулар);

- Ата-аналарға арналған консультациялар мен семинарлар өткізу.

Мұғалім мен ата-ананың серіктестігі сенім мен ашықтыққа негізделсе, бала тәрбиесінің нәтижесі де жоғары болады. Мектеп пен отбасы – тәрбиелік ортақ мақсаттағы әріптестер. Мұғалім мен ата-ананың тығыз байланысы арқылы бала тәрбиесі жүйеленеді. Ата-аналар жиналысы, жеке кеңес беру, үй тапсырмаларын бірге орындау – осының бәрі отбасы тәрбиесін мектеп арқылы нығайтудың жолдары. Бастауыш сынып оқушысының тұлғалық қалыптасуында отбасы тәрбиесінің орны ерекше. Бұл тәрбиені мектеп қабырғасында тиімді педагогикалық әдістер арқылы жалғастыру қажет. Жоғарыда аталған әдістер – баланың отбасына деген сүйіспеншілігін арттырып, оның өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тек отбасы мен мектептің тығыз қарым-қатынасы ғана ұрпақ тәрбиесінде нәтижеге жеткізеді. Сонымен қатар отбасы тәрбиесін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды атап өтпесек болмас. Соның қатарына:

1. **Қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттау.** Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, дін, туыстық қарым-қатынас, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету – отбасылық тәрбиенің негізін құрайды. Бастауыш сынып жасындағы оқушылар үшін бұл құндылықтарды ерте жастан сіңіру олардың рухани дамуына, ұлттық болмысын қалыптастыруға ықпал етеді.

2. **Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы тәрбиелеу.** Мақал-мәтелдер – тәрбие құралы ғана емес, халық даналығының айнасы. Оларды сабақ барысында, сынып сағаттарында, тәрбие жұмыстары кезінде жүйелі қолдану арқылы бала бойына мейірімділік, сыйластық, еңбекқорлық, отбасы бірлігі сияқты қасиеттерді дарытуға болады.

3. **Ұлттық ойындарды пайдалану**

Қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауық емес, тәрбиелік мәні зор дүниелер. Мысалы, «Арқан тарту», «Асық ойыны», «Тоғызқұмалақ», «Ақ сүйек» сияқты ойындар балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа, тәртіпке, құрметке тәрбиелейді.

4. **Туған жер мен ата-баба рухын қастерлеу**

Бастауыш сынып оқушыларымен туған жер туралы әңгімелер жүргізу, туған өлке тарихымен таныстыру – ұлттық сана қалыптастырудың алғы шарты. Бұл бағытта «Менің шежірем», «Менің ата-тегім», «Менің ауылым» сияқты жобалық жұмыстар ұйымдастыру өте тиімді.

5. **Ұлттық киім мен тағамдарды таныстыру**

Балаларға ұлттық киімдердің ерекшелігін таныстырып, мерекелік шараларда киіп көру мүмкіндігін жасау – оларды халқымыздың мәдениетіне жақындатады. Дәл сол сияқты ұлттық тағамдармен таныстыру, дастарқан мәдениетін үйрету де отбасы тәрбиесімен тығыз байланысты.

Бастауыш сыныптағы тәрбие мәселесіне, әсіресе отбасы тәрбиесінің маңызына қазақстандық және шетелдік ғалымдар үлкен мән берген. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін ғылыми негізде дәлелдеп, педагогикалық процесте отбасы мен мектептің өзара

байланысының маңыздылығын айқындады. Қазақстандық педагогика ғылымында:

• **Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова** сынды ғалымдар өз еңбектерінде отбасы тәрбиесінің тұлға қалыптасуына әсерін ашып көрсетті. Олардың пікірінше, бала бойында ізгілік, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттерінің дамуы отбасындағы тәлімге тікелей байланысты.

• **С.Қалиев** – халықтық педагогика негізінде отбасы тәрбиесінің мазмұны мен ұлттық ерекшеліктеріне тоқталып, отбасылық құндылықтарды бастауыш мектеп бағдарламасына енгізудің қажеттілігін ұсынды.

• **Қ.Ж.Нұртазина** отбасындағы тәрбиелік ықпалдың жүйелілігі мен сабақтастығы туралы жазып, мұғалім мен ата-ана арасындағы кәсіби диалогтың бала тәрбиесіне әсерін зерттеген.

• **Б.Мұқанова** отбасындағы тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін сипаттап, ата-аналарға арналған әдістемелік ұсыныстар дайындады.

Шетелдік зерттеушілер арасында:

• **А.С.Макаренко** – отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік ықпалының маңыздылығын алғашқылардың бірі болып дәлелдеген. Ол отбасындағы педагогикалық сауаттылықтың болмауы баланың дамуына кері әсер ететінін атап өтті.

• **В.А.Сухомлинский** – баланың рухани дамуы отбасында махаббат пен сенімділікке негізделген жағдайда ғана жүзеге асатынын дәлелдеп, әр ата-ананың «жеке педагог» болу қажеттігін ұсынған.

• **И.В.Вагин** – отбасындағы психологиялық ахуал мен ата-ананың қарым-қатынас стилінің бала тұлғасына ықпалын зерттеген. Ол ата-ана мен мұғалім арасындағы серіктестік моделі тиімді тәрбиеге жол ашатынын көрсеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б.Ф. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы, 2011.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2021.
3. Вагин И.В. Психология семейного воспитания. – Москва: Просвещение, 2020.
4. Жұмабаев М. «Педагогика», Алматы, 2005.
5. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Білім, 2023.
6. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламасы. – НҚА, 2021.
7. Мұқанова Б. Отбасындағы тәрбие негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
8. Мұхтарова Г.Ж. Отбасы мен мектептің тәрбиелік серіктестігі. – Қазақстан мектебі, 2021, №4.
9. Нұртазина Қ. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Астана: Фолиант, 2020.
10. Сейталиева К.Ж. «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының әдістері», Астана, 2019.

ӘОЖ:378.015

## **БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**Амирова А.С.**

**Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан**

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің электрондық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін, біз, біріншіден, Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсатын – цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін арттыруды жүзеге асырудың басты бағыты ретінде қарастыра аламыз.

Бастауыш білім беруде цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады және олардың болашағы зор. Дұрыс қолданылған жағдайда цифрлық технологиялар студенттердің білім сапасын арттырып, оқыту үдерісін анағұрлым қызықты әрі тиімді етеді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Осыған байланысты, болашақ мамандарды цифрлық технологияларды пайдалануға даярлау үшін университеттердің техникалық базасын жетілдіру білім берудің басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

*Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында:* Сингапур, Гонконг, Эстония,